

## Азиялық даму банкінің өкілдігі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Окімі 1995 жылғы 3 наурыздағы N 86

Азиялық даму банкінің (бұдан әрі - АДБ) Миссиясы мен өкілдігінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ұйымдық жағдайлар жасау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі АДБ жиырма қызыметкеріне бір жыл мерзімге ресми ұсынылған тізімге сәйкес қысқа мерзім ішінде сан рет пайдаланылатын виза беруді қамтамасыз етсін.

2. Осы келісімге сан рет пайдаланылатын визаның қолданылу мерзімінде VIR аэрофлот қызыметін пайдалануға рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы, Сыртқы істер министрлігі осы мақсатта қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің Шаруашылық Басқармасымен бірлесіп АДБ Миссияларының қызыметкерлеріне Алматыдағы басты қонақ үйлерден орын дайындауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Меммүліккомы Қаржы министрлігімен бірлесіп, бір ай ішінде АДБ өкілдігін Қазақстанда орналастыру туралы мәселені пысықтасын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қаржы министрлігінің өтінімі бойынша Қазақстан Республикасында АДБ өкілдері үшін Алматыда халықаралық байланыс желілерін, кәрезді байланыс және радиотелефон орнатуды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы екі апта мерзім ішінде АДБ-нің процедуralары мен стратегиялары жөніндегі семинар бағдарламасын Премьер-министрдің қарауына енгізсін.

7. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқарушысының бірінші орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

Премьер-министр